

Лияссова Айгуль – автор для корреспонденции, магистр психологических наук, докторант кафедры общей и прикладной психологии, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан. E-mail: aigulkaznu.80@mail.ru

Мадалиева Забира Бекешовна – доктор педагогических наук, профессор кафедры общей и прикладной психологии, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан. E-mail: madalievaz.b@gmail.com

Закарян Шынар – кандидат психологических наук, старший преподаватель кафедры философии, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан. E-mail: shynarzakaryanova@gmail.com

Кассен Гульмира Аманкызы – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор кафедры общей и прикладной психологии, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан. E-mail: gulmira.kassen@mail.ru

МРНТИ 15.31.31

<https://doi.org/10.51889/2959-5967.2026.86.1.008>

Д.И. Ордагулова¹ , Л.О. Сарсенбаева¹ , А.И. Гарбер² 

¹Туран университеті (Қазақстан, Алматы қаласы)

²Clinik Reinhardshöhe (Germany, Hessen, Bad Wildungen)

*e-mail: diana.issayevna@gmail.com

ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНДА ТҮЛҒАЛЫҚ СӘЙКЕСТІЛІК ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ ТЕОРИЯЛЫҚ МОДЕЛЬДЕРІ

Аңдатпа

Сәйкестілік мәселесі қазіргі психологиядағы өзекті мәселелердің бірі. Соңғы жылдары бұл бағыт ерекше қарқынмен дамып келеді: жаңа теориялық модельдер ұсынылып, жаңа үлгідегі сауалнамалар құрастырылып, кеңінен қолданылуда. Зерттеулер ауқымы да айтарлықтай кеңейді, олар тек үрдістер, өлшемдер мен стильдер арасындағы өзара байланыстарды талдаумен шектелмей, сәйкестіліктің қалыптасу барысындағы даму траекторияларын, сондай-ақ оның алғышарттары мен салдарын да қамтиды. Бұл мақалада қарастырылатын модельдердің басым бөлігі соңғы бірнеше жыл ішінде жан-жақты зерттелген. Тұлғалық сәйкестіліктің жаңа модельдері сәйкестіліктің қалай қалыптасатынына (үрдіске бағдарланған модельдер, сәйкестілік стильдері), сәйкестілік мазмұнына (нарративті сәйкестілік) немесе осы екі бағытты қатар қамтуға (мысалы, үрдіске бағдарланған парадигма аясында сәйкестіліктің әртүрлі салаларын зерттеу) басымдық береді. Сонымен қатар, адамның өз әлеуетін тану арқылы өзінің сәйкестілігін анықтауға негізделген бағыт та бар, ол эвдемониялық сәйкестілік деп аталады.

Түйін сөздер: сәйкестілік, тұлғалық сәйкестілік, сәйкестілік статусы, сәйкестілік стильдері, эвдемониялық сәйкестілік.

Д.И. Ордагулова¹, Л.О. Сарсенбаева¹, А.И. Гарбер²

Университет Туран (Казахстан, Алматы)

²Clinik Reinhardshöhe (Germany, Hessen, Bad Wildungen)

*e-mail: diana.issayevna@gmail.com

Понятие и теоретические модели личностной идентичности в психологической науке

Аннотация

Вопрос идентичности является одним из наиболее актуальных в современной психологии. В последние годы эта область развивается быстрыми темпами: были предложены новые теоретические модели, разработаны и широко используются новые опросники. Значительно расширился и охват исследований, включающих не только анализ взаимосвязей между процессами, измерениями и стилями, но и траектории развития в формировании идентичности, а также ее предпосылки и последствия. Большинство моделей, рассматриваемых в данной статье, были подробно изучены в последние несколько лет. Новые

модели личностной идентичности фокусируются на том, как формируется идентичность (модели ориентированные на процесс, стили идентичности), на содержании идентичности (нарративная идентичность) или на сочетании того и другого (например, изучение различных областей идентичности в рамках процессо-ориентированной парадигмы). Существует также направление, основанное на осознании собственной идентичности через осознание собственного потенциала, которое называется эвдемонической идентичностью.

Ключевые слова: идентичность, личностная идентичность, статусы идентичности, стили идентичности, эвдемоническая идентичность.

Ordagulova D.¹, Sarsenbayeva L.¹, Garber A.²

¹University of Turan (Kazakhstan, Almaty)

²Clinik Reinhardshöhe (Germany, Hessen, Bad Wildungen)

**e-mail: diana.issayevna@gmail.com*

The concept and theoretical models of personal identity in psychological science

Abstract

The question of identity is one of the most pressing in contemporary psychology. In recent years, this field has developed rapidly: new theoretical models have been proposed, and new questionnaires have been developed and widely used. The scope of research has also expanded significantly, encompassing not only the analysis of the relationships between processes, dimensions, and styles, but also developmental trajectories in identity formation, as well as its antecedents and consequences. Most of the models discussed in this article have been studied in detail in the past few years. New models of personal identity focus on how identity is formed (process-oriented models, identity styles), on the content of identity (narrative identity), or on a combination of both (for example, studying various domains of identity within a process-oriented paradigm). There is also a school of thought based on awareness of one's own identity through the recognition of one's own potential, which is called eudaimonic identity.

Keywords: identity, personal identity, identity statuses, identity styles, eudaimonic identity.

Кіріспе. Зерттеу аясында тұлғалық сәйкестілік түсінігі теориялық негізде айқындалып, тұжырымдалды. Зерттеу мақсатына сәйкес әртүрлі психологиялық тұжырымдамалар, теориялар, әдіснамалар мен деректер зерттеу материалы ретінде қарастырылды. Зерттеу тақырыбына сай тұлғалық сәйкестілік ұғымы, оның қалыптасуы мен құрылымына қатысты теориялық модельдері бойынша мәліметтерді талдау, жүйелеу және нақтылау негізгі зерттеу әдістері ретінде қолданылды. Қазіргі кезде тұлға психологиясы бойынша ғылыми еңбектерде «тұлғалық сәйкестілік» ұғымына назар аудару тенденциясы байқалады. Бұл кездейсоқ емес, себебі соңғы кездердегі әлеуметтік өзгерістерге байланысты өзін-өзі көрсету және таңдау мәселелеріне қызуғыштық артып келеді. Тарихи-философиялық тұрғыдан алғанда, «сәйкестілік» термині «сәйкес» ұғымынан шыққан және «барлық жағынан ұқсас немесе бірдей» мағынасында қарастырылды. Қазіргі заманғы дереккөздер сәйкестілік теорияларын «психикалық күйлердің мидың физикалық күйлерімен бірге жүретінін дәлелдейтін, ақыл мен тән мәселесіне қатысты тұрғы» деп анықтайды [1]. А. Ребердің психологиялық сөздігінде сәйкестілікті тұлға теориясынан алынған ұғым ретінде қарастыра отырып, өзін бірегей тұлға ретінде субъективті қабылдауы, үздіксіз «Мен» - імен байланысты адамның мәні ретінде анықтайды [2]. АРА психологиялық сөздігінде осыған ұқсас анықтама берілген: а) басқа кез-келген адаммен толық бөліспейтін физикалық, психологиялық жеке сипаттамаларымен анықталатын және б) бірқатар топтарға кіру (мысалы, этникалық) және әлеуметтік рөлдермен анықталатын өзіндік жекелік сезімі [3]. Сәйкестілік бойынша алғашқы толық нұсқаулықтардың бірі сәйкестілікті «Мен кімін?» деген сұраққа жауап ретінде анықтайды. Бұл жауап белгілі бір топтың мүшесі, қоғамдағы рөлдер, басқа адамдармен қарым-қатынас,

өзін-өзі анықтау және т.б. сияқты аспектілерді қамтуы мүмкін. Тұлғалық сәйкестілік адамның өз әлеуметтік ортасына қатысты өзінің жеке және әлеуметтік қасиеттерін саналы ұғыну құбылысы ғана емес (алайда, батыстық сәйкестілік мәселесін зерттеушілердің көпшілігі оны ең алдымен, «Меннің» когнитивті репрезентациясы ретінде, яғни субъектінің өз әлеуметтік контекстінде өз «Менін» саналы түсінуі ретінде қарастыруды жөн көреді). Саналы ұғыну айқындылыққа сүйенеді, себебі оның тамыры адамның болмысы мен тәжірибесінде, тарихында, басқа адамдармен қарым-қатынасында жатыр. Тұлғалық сәйкестілік субъектінің «Мен кіммін (қазір, ертең, бір жылдан кейін) және мен үшін бұл нені білдіреді?» деген сұрағына жауабы деуге келеді және оның жауабы адам өзіне осы сұрақты қойған кезде ғана табылады. Сұрақ болмаса, жауап та болмайды. Яғни, сәйкестілік Эриксон жазғандай «субъективті түрде шабыттандырылған тұтастық және теңдестіру сезімі» [4]. Арнайы білім мен өзіңе «тоқта және ойлан» табанды талап қою арқылы ғана өмірлік мәселелерді талқылауға мүмкіндік беретін өзін-өзі саналы ұғыну мен өз Менінің мәнді көрінісінің рефлексивті дағдысы мен түсінік аппараты қалыптасады. «Сәйкестілік» ұғымын толық түсіну үшін ХІХ ғасырдың басынан бастап, қазіргі заманға дейінгі мәселеге қатысты көзқарастар эволюциясын қарастыру қажет. ХІХ ғасырдың басында «сәйкестілік» термині алғаш рет У.Джеймс, Э.Эриксон, Ч.Кули, Дж.Мид, Д.Марсиа және т.б. ғалымдардың еңбектерінде талданады. Өзіндік сана ілімінің негізін салушы У.Джеймс тұлғалық сәйкестілікті «субъектінің бірзділігі, өзін-өзі сәйкестендіруі мен өзін «нақты», шығармашыл, көздеген жолын жүзеге асырушы субъект ретінде сезінуі» деп түсіндірді [5]. У.Джеймс бойынша, тұлғалық сәйкестілік – бұл, өзі туралы білім мен өзін түсіну арқылы өзін анықтайтын субъектінің тұрақтылығы.

К. Ясперс сәйкестілікті саналы «Меннің» төрт формалды белгісінің бірі ретінде сипаттайды. К.Ясперс анықтаған бірінші белгі – өзін белсенді жаратылыс ретінде түсінуі; екіншісі – өзінің біртұтастығын түсінуі; үшінші белгі – өз сәйкестілігін түсінуі (мен бұрын қандай болдым, қазір де сондаймын); төртіншісі – «Мен» әлемі басқа әлемдерден ерекше екенін түсіну [6]. Джон Локк тұлғалық сәйкестілік кілті жан немесе тәннің субстанциясында емес, санада деп есептейді. Оның пікірінше, мені «Мен» ететін – ол, менің өз тәжірибемді есте сақтап, түсіну қабілетім [7]. Дүниежүзілік ғылыми қоғамдастықтың тұлғалық сәйкестілік құбылысы туралы идеяларын теориялық талдау көптеген тұрғыларды анықтауға мүмкіндік берді. Зерттеулердегі негізгі мәселе - тұлғалық сәйкестіліктің қалыптасу механизмдері мен детерминанттары мәселесі.

Тұлғалық сәйкестілік бойынша қазіргі заманғы идеялар Э.Эриксонның көзқарастарынан бастау алады. Э.Эриксонның дамудың эпигенетикалық тұжырымдамасында Эго-сәйкестілік өзінің сәйкестілігін саналы ұғыну сезімі ретінде де, оның біртұтастығы мен сабақтастығына бейсаналы ұмтылысы ретінде де және топ құндылықтарымен бірігуі ретінде түсіндіріледі. Оның теориясында Эго-сәйкестілік дамудың үздіксіз, біртұтас, сызықты емес үрдісі. Сәйкестіліктің құрылымдық компоненттерінің бірігу және саралану үрдістері Эго-сәйкестіліктің үздіксіз даму үрдісін сипаттайды. Ішкі және сыртқы факторлардың бірлігі ретіндегі Эго-сәйкестілік құрылымының тұтастығы Эгоның интеграциялық әрекетімен қамтамасыз етіледі.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Сәйкестілік сезімі бізді өмір бойы сүйемелдейді, біз оны «психоәлеуметтік қанағаттын», «өзімізді еркін сезінудің» оңтайлы сезімі ретінде сезінеміз және өміріміздің дағдарысты сәттерінде ғана біз оған аса үлкен мән береміз. Ол жеткіншектік шақта өзінің шарықтау шегіне жетеді. Балалық шақтың соңы – Эриксон «ішкі сәйкестілік сезімі» деп атаған психикалық тұтастықтың пайда болатын кезеңі. Осы сәтте адамның өзін өткен шақтағы, қазіргі және болашаққа қатысты сезімдерінің арасындағы және адамның өзі туралы көзқарасы мен өзгелердің көзқарасы арасындағы байланысты байқауға болады. Сәйкестіліктің қалыптасуы психикалық іс-әрекеттің барлық деңгейлерінде көбіне бейсаналы түрде жүреді. Бұл үрдіс «бір мезгілде бейнелеу және қабылдау үрдісі» болып табылады. Нәтижесінде, екі негізгі құрамдас бөліктен тұратын ерекше психологиялық

конфигурация қалыптасады: 1) өзін-өзі бағалауы мен маңызды адамдардың өзін бағалауын салыстыру; 2) өзгелердің индивид туралы пікірін оның өзін осы басқалардың пікірімен салыстырғанда қалай қабылдайтындығын салыстыру. Эриксон балалық шақта бала өз ортасындағы көптеген беделді адамдармен өзін сәйкестендіреді деп есептеді. Сәйкестілік барлық маңызды сәйкестендірулерді қамтиды, алайда оларды кейбіреулерінен бас тарта отырып, кейбіреулерін өзара ассимиляциялап, жаңа конфигурацияға біріктіріп біртұтас, себепті байланысқан құрылымды жасау мақсатында өзгертеді. Бұл дамушы конфигурация субъект тәжірибесіндегі жаңа әсерлерден Эгоны қалыптастыра отырып, балалық шақта біртіндеп қалыптасады және психологиялық қасиеттерді, тұрақты мотивтер мен қажеттіліктерді, әлеуметтік мақұлданған қабілеттерді, мәнді сәйкестендірулерді, тиімді қорғаныс механизмдері мен біртіндеп игерілген әлеуметтік рөлдерді қамтиды. Осы тұрғыдан алғанда, басқа адамдардың ішкі әлемі мен олардың қарым-қатынас ортасы сәйкестілікті зерттеуде үлкен мәнге ие. «Даму тұрғысынан, - деп жазады Э.Эриксон, - біздің өткен шақтағы ортамыз бізге үнемі әсер етіп отырады». Сәйкестілік – бұл, «қорғаныс құралы», «статикалық және өзгермейтін нәрсе емес». Индивидтің сәйкестілігі «бала өзі тәуелді болған адамдарға ұқсауды қалаған және қажет еткен ерте кезеңдегі барлық дәйекті сәйкестендірулердің жиынтығын қамтиды, бырақ онымен шектелмейді». Баяу өзгеруі мен сана тұрғысынан әлсіз қабылдануы балалық шақтағы сәйкестіліктің ерекшелігі болып табылады. Балада бірнеше сәйкестендіруді сәтті сынақтан өткізу нәтижесінде, үлкен болу және кіші болуға қатысты түсініктер мен кезең-кезеңімен психоәлеуметтік тәжірибелер арқылы тексерілетін және сәйкестіліктің бір бөлігіне айналатын түсініктер қалыптаса бастайды. Балалық сәйкестендірулерді индивид «әлеуметтену және құрдастарымен бәсекелестік барысында қол жеткізілген сәйкестендірудің жаңа түріне» бағындырады. Тәрбиелеу және терапия нәтижесінде кейбір қажетсіз сәйкестендірулерді ауыстыруға болады, дегенмен сәйкестілік қалыптасуының бастапқы бағыты айтарлықтай тұрақты болып қалады, бұл субъект Эгосының үздіксіздігі мен жүйелілігін өзінің де, өзгелердің де қабылдауын қамтамасыз етеді.

Сәйкестілікті қалыптастыру бойынша ерекше қарқынды жұмыс қоғаммен белгілі бір тұрақты қарым-қатынас орнату және өзінің даму перспективаларын анықтау кезеңі болып табылатын жасөспірімдік кезеңде жүреді. Белгілі бір кезеңдерде сәйкестіліктің қалыптасуындағы дағдарыстар ұрпақтар сабақтастығымен байланысты. Аға ұрпақтың құндылықтары, бағыттары мен мұраттарының анық болмауы жастардың өзін-өзі түсінуінде қиындықтар туғызады. Аға ұрпақ мұраттарын өмірге өз көзқарасын қалыптастыру үшін бағдар ретінде немесе сол мұраттардың өзін қабылдап, ұстануға болады. Әлеуметтендіру және тәрбиелеу ортасының нақты тұжырымдалған ұстанымы адамның өмірдегі өз рөлін анықтап, қабылдауын жеңілдетеді.

Эриксонның пікірінше, сәйкестіліктің қалыптасуы жеткіншектік шақта басталып, аяқталмайды. Дегенмен, жеткіншектік шақ осы міндетті орындауда өте маңызды кезең болып табылады, себебі дәл осы кезеңде балада «Мен кімін?» деген сұрақ туындайды. Бұл сұраққа жауап беру адамдарға жеке және өмірлік өзгерістерге қарамастан, өмірдің әртүрлі қиындықтарын жеңуге көмектеседі. Сәйкестілік сезімі еркін сипатта болып, әрі қарай қалыптасуы ересек өмірде жалғасын табуы мүмкін, алайда оны жеткіншектік кезеңде қалыптастыру керек. Көптеген зерттеулер жеткіншектік кезеңнің аяғы мен жиырма жас аралығын қамтитын жасөспірімдік кезеңді сәйкестілік мәселелерін шешудегі маңызды кезең деп есептейді. Эриксон «болмыс сапасы» деп атаған эго-сәйкестілікті негіздейтін екі негізгі факторды анықтайды. Біріншіден, бұл адамның уақыт пен кеңістіктегі болмысының үздіксіздігі мен өзіне өзін теңестіру сезімі; екіншіден, осы теңестіру мен үздіксіздікті айналасындағылардың, «маңызды адамдардың» мойындауы. Дәл осы фактор, үнемі ішкі мен сыртқыны байланыстыратын психологиялық механизм «балалық шақтағы маңызды сәйкестендірулердің іріктеліп, бөлінуін және «Мен» бейнелерінің біртіндеп интеграциялануын және сәйкестілік сезіміне қол жеткізумен аяқталуын» қамтамасыз етеді.

Ол, сондай-ақ, адам өміріндегі ең динамикалық және ресурсты қарама-қайшылықты тудырады: айқын, басқалардан ерекше және автономды болу және өз қасиеттерің мен тұтастығыңды сол басқалардың мойындауы. Басқалармен мойындалу субъектінің өз сәйкестілігі үшін ең маңызды деп есептейтін қасиеттерін басқалардың тәуелсіз болмыс ретінде көруін білдіреді. Эриксонның психоэлеметтік теориясы сәйкестілікке қатысты заманауи тұрғылардың негізі болып табылады. Эриксон «Мен кімін?» деген сұраққа жауап бере отырып, сәйкестілік дағдарысын жеңуде жеткіншектік кезеңнің маңыздылығын және бұл сұрақ өмірдің әр кезеңінде қайта пайда болуы мүмкін екенін атап көрсетеді.

Нәтижелер және оларды талдау. Э.Эриксон теориясының негізгі ережелері эмпирикалық түрде негізделіп, J.E.Marcia, M.D.Berzonsky, S.Waterman еңбектерінде және олардан шығатын үрдіске бағытталған үлгілерде (Босма және Куннен; Крочетти, Рубини және Мьюс; Гротевант; Люик; Уитборн, Сид және Скалтити), Берзонскидің сәйкестілік стильдерінің элеуметтік-когнитивті үлгісінде ұсынылды. J.E.Marcia тұлғалық сәйкестілік мәселелерді шешу паттерндері арқылы көрініс тапқан қажеттіліктер, жеке тарих, құндылықтар, сенімдер, қабілеттер жүйесін білдіретін статустық сәйкестілік тұжырымдамасының авторы. Сәйкестіліктің даму үрдісін таңдалған сәйкестілікті ұстануға міндеттеме алуды білдіретін сәйкестіліктің ықтимал нұсқаларын іздеу кезеңі және қабылдау кезеңі түрінде қарастыра отырып, J.E.Marcia сәйкестіліктің диффузды (ізденіс жоқ, міндеттеме алынбаған), мерзімінен бұрын қалыптасқан (ізденіс жоқ, міндеттеме алынған), мараторий (ізденіс бар, міндеттеме алынбаған), қол жеткізілген (ізденіс бар, міндеттеме алынған) даму кезеңдерін ажыратты. Даму кезеңдері сәйкестілік статустары ретінде де ұсынылады, олардың негізгі параметрлері – сәйкестілік дағдарысының және мақсаттар, құндылықтар, сенімдер және т.б. сияқты тұлғалық маңызды қасиеттердің болуы немесе болмауы. Диффуздық сәйкестілік статусына ие адамды дағдарыстан өтпеген немесе сәйкестілік дағдарысын жеңуге қабілетсіз, тұрақты сәйкестілік компоненттері жоқ және оған ұмтылмайтын адам ретінде сипаттайды, бұл оны жоғары мазасыздық, пессимистік көңіл-күй, апатия, шеттетілу, дәрменсіздік және сол сияқты негативті күйлерге алып келеді. J.E.Marcia диффузды сәйкестіліктің екі түрін ажыратады: тұрақты диффузды сәйкестілік және өзгерістерге бағытталған, прогрессивті диффузды сәйкестілік [8].

Мерзімінен бұрын қалыптасқан сәйкестілік статусына ие адам сәйкестілік дағдарысына тап болмаған және сәйкестіліктің тұрақты құрылымына тәуелсіз шешімдердің нәтижесінде емес, өзін беделді адамдармен сәйкестендіру нәтижесінде ие болған адам. Сәйкестіліктің мораторий статусы сәйкестілік дағдарысын шешу жолдарын белсенді түрде іздестіретін, дағдарысты шешу қажеттілігін сезінетін және тұлғалық сәйкестілікті құру үрдісіндегі тұлғаны сипаттайды. Сәйкестілік дағдарысын жеңе отырып, өз бетінше шешім қабылдауға дайындығы мен қабілетінің, өзінің жеке ерекшеліктерін, мақсаттары, құндылықтары мен сенімдерінің тұрақты жүйесін саналы ұғынудың нәтижесінде адам тұлғалық сәйкестілікке қол жеткізеді. J.E.Marcia пікірінше, мақсаттар, жоспарлар мен ережелер айқындалып, сыртқы әсерлер нәтижесінде сәйкестіліктің қалыптасу жолы мерзімінен бұрын қалыптасқан сәйкестілікке әкеледі. Саналы қабылданған тәуелсіз шешімдерге негізделген сәйкестіліктің қалыптасу жолы – сәйкестілікке жету жолы. Дж.Марсианың сәйкестіліктің статустық-кезеңдік үлгісі – мәні бойынша сәйкестіліктің даму үрдісін, яғни бір статустан екінші статусқа өту үрдісін түсіндірмейтін статикалық үлгі болып табылады. J.E.Marcia теориясын дамытуда алғашқы қадамдардың бірін Босма жасады. Ол міндеттемелерді қабылдау мен міндеттемемен сәйкестендірудің арасын ажыратты, себебі сәйкестендіру саласында адамның міндеттеме қабылдауы, адамның өзін сол міндеттемемен сәйкестендіретінін білдірмейді. Гротевант сәйкестілікке қатысты үрдіске бағыттылық көзқарасын алғашқы жариялағандардың бірі болды және сәйкестілік өмірдің әр саласында дамитынын атап өтті [9]. Стивен, Фрайзер және J.E.Marcia ұсынған үлгі мораторийге қол жеткізу циклдерін сипаттады және сәйкестілікті қалыптастыруда бірінен соң бірі орын алатын міндеттеме мен зерттеудің үздіксіз циклін

көрсетті. Миус және оның әріптестері адамның міндеттемелерді сақтаудағы зерттеудің рөлін және зерттеу үрдісінің ағымдағы міндеттемелерді басқаруда үлкен рөл атқаратынын атап өтті. Сонымен қатар, Миус зерттеу және міндеттемені ықтимал төменгі немесе жоғары деңгейлері бар өлшемдер ретінде қайта қарастыруды ұсынды [10].

Осы нәтижелерге сүйене отырып, үрдіске бағытталған ең жиі зерттелетін екі үлгі әзірленді. Біріншісі үш сәйкестілік, екіншісі бес сәйкестілік үрдісін қамтиды. J.E.Marcia теориясынан алынған бірінші үлгіні Льюкс және оның әріптестері [11] ұсынса, екінші үлгіні Крочетти және оның әріптестері ұсынды [12]. Льюкс және оның әріптестері ұсынған бес өлшемді немесе бес үрдісті үлгі сәйкестіліктің екі циклын қамтиды: сәйкестілікті қалыптастыру және сәйкестілікті бағалау. Сәйкестілікті қалыптастыру циклы міндеттемелерді қабылдауды және терең зерттеуді қамтиды. Міндеттеме қабылдау – бұл, сәйкестілік бойынша шешім қабылдау. Адам өзін міндеттемелермен сәйкестендірсе де болады, сәйкестендірмесе де болады. Тереңдетілген зерттеу барысында міндеттемелер туралы ақпарат жиналса, ауқымды зерттеулер барысында басқа мүмкіндіктер туралы ақпарат жиналады. Сәйкестілікті сақтау міндеттемелерді қабылдау және сәйкестендіру мен тереңдетілген зерттеу арасындағы өзара әрекеттестікті қамтиды. Бастапқыда үлгі төрт сәйкестендіру үрдісін қамтыды, бесінші сәйкестендіру үрдісі, яғни руминативті зерттеу, кейінірек ұсынылды. Циклдерге кірмейтін руминативті зерттеу руминативті ойлаумен байланысты зерттеудің бейімделмейтін формасы болып табылады.

Осы үрдістердің негізінде эмпирикалық жолмен бес сәйкестендіру статусын алуға болады: қол жеткізу, мораторий, қол жеткізу құқығынан айыру, мәселелі диффузия және алаңсыз диффузия. Алғашқы үшеуі J.E.Marcia ұсынған статустарға ұқсас. Негізгі айырмашылықтар диффузды статуста, дәлірек айтсақ, зерттеу үрдістерінің төмен деңгейімен және міндеттеме үрдістерінің төмен немесе орташа деңгейлерімен сипатталатын алаңсыз диффузияда жатыр.

Крочетти және т.б. ұсынған сәйкестендірудің үш факторлы үлгісі үш негізгі сәйкестілік үрдісін қамтиды: міндеттеме, терең зерттеу және міндеттемені қайта тұжырымдау. Ол адамның таңдауына сай келетін сәйкестілікті зерттеп, міндеттеме алу үрдістерінің бар немесе жоқтығына ғана назар аударып қоймай, олардың дәрежесіне көңіл бөледі. Осы үлгіге сәйкес сәйкестіліктің даму үрдісінде екі цикл бар: сәйкестіліктің қалыптасуы (міндеттеме және міндеттемені қайта тұжырымдауды қоса алғанда) және сәйкестілікті сақтау (міндеттеме және терең зерттеуді қоса алғанда) [12].

Осы үш үрдіске сүйене отырып, Крочетти, Рубини, Лайкс және т.б. эмпирикалық түрде бес сәйкестілік статусын шығарды: қол жеткізу, мерзімінен бұрын бас тарту, мораторий, мораторийге қол жеткізу мүмкіндіктерін іздеу және диффузия. Қол жеткізу жоғары міндеттеме, терең зерттеу және міндеттемені қайта қарастырудың төмен деңгейімен сипатталады. Мерзімінен бұрын бас тарту міндеттеменің орташа және жоғары деңгейімен және міндеттемелерді зерттеу мен қайта қараудың төмен деңгейімен сипатталады. Осы теория мен J.E.Marcia статустарындағы негізгі айырмашылық – мораторийдің екі типінде: біреуі көбірек бейімделгіш, екіншісі аз бейімделгіш. Мораторий статусындағы адамдар міндеттеменің төмен деңгейімен және міндеттемелерді қайта қараудың төмен және орташа деңгейлерімен сипатталады. Мораторийге қол жеткізу мүмкіндіктерін іздеу статусындағы адамдар барлық үш сәйкестілік үрдісінің жоғары деңгейіне ие. Және диффузия барлық үш үрдістің төмен деңгейімен сипатталады.

Сәйкестіліктің үш факторлы үлгісінде адамдар алдын ала міндеттемелерге ие болса, бес өлшемді үлгіде сәйкестілік ешқандай алдын ала міндеттемесіз қалыптасады.

J.E. Marcia идеялары сәйкестіліктің қалыптасу үрдісін өмірлік мәселелерді шешуге арналған копинг-стратегиялар арқылы ашатын M.D.Berzonsky зерттеулерінде және сәйкестілікті ізденіс, міндеттеме алу жеке экспрессивтілік кезеңдері арқылы сипаттайтын A.C.Ватерман зерттеулерінде дамыды. M.D.Berzonsky сәйкестілікті проблемалы жағдаяттарды

шешудің жеке стилі ретінде қарастыра отырып, сәйкестілік өмірлік қиындықтарды күнделікті шешу арқылы қалыптасады деп атап көрсетеді. Оның пікірінше, өмір бойы өзгеріссіз қалатын субъектіге тән копинг-стратегияларының стилі қабылданған шешімдерді, жалпы алғанда, адамның бүгінін, болашағы мен өмір тарихын анықтайды. М.Д.Верзонский стратегияның үш стилін сипаттайды: 1) ақпараттық стиль – ақпаратты белсенді іздеу, қиындықтарды жеңуге бағытталған стратегия; стиль мораторийден сәйкестікке қол жеткізу кезеңіне өту кезеңінде қалыптасады; 2) нормативті стиль – конформды күрес стратегиясы; көбінесе алдын ала анықталған сәйкестілік кезеңінде көрінеді; 3) жалтару стилі – қиындықтарды жеңуде эмоцияға бағытталған күрес стратегиялары басым; диффузды сәйкестілікке тән. Сәйкестілікті анықтаудағы стильдік тәсіл М.Д.Верзонскийге сәйкестіліктің статустық үлгісіне динамика қосуға мүмкіндік берді: ақпараттық стиль тұтас, дәйекті сәйкестіліктің алғышарты болып табылады; ригидті сәйкестілік нормативті стильмен байланысты; жүйесіз сәйкестілік күресу стратегияларының жалтару стилімен байланысты [13].

М.Д. Верзонский сәйкестілікті индивид жасайтын тұлғалық конструкттар мен өзін-өзі көрсетуден тұратын «Меннің» нақты емес теориясы ретінде ұсынды. М.Д.Верзонский сәйкестілікті қалыптастыруда когнитивті аспектіні енгізді және оны Декарт теориясымен байланыстырды: «біздің кім екенімізді ойлау және күмәндану сияқты когнитивті үрдістеріміз анықтайды». Басқа сәйкестілік теорияларымен салыстырғанда, М.Д.Верзонский теориясында жеткіншектермен қатар ересектерге де көңіл бөлінеді. М.Д.Верзонский үлгісі сәйкестілікті дамыту үрдісінде индивидтер қолданатын әлеуметтік-когнитивті стратегияларға бағытталған. М.Д.Верзонский пікірінше, сәйкестілікті құрылым және үрдіс ретінде қарастыруға болады. Адамдар өздерінің жеке конструкттарын (үрдіс) ұйымдастырады және оларды когнитивті теорияларға (құрылым) синтездейді. Адамдар өзіндік теоретиктер болып табылады және олардың теориялары мінез-құлқы мен тәжірибесін, мақсаттары мен құндылықтарын, идеологияларын, өмірлік талаптарын және бүкіл өмір тарихын қамтиды. Адамдар бір-бірінен сәйкестілік міндеттерін шешу немесе оларды шешуден қашу тәсілімен ерекшеленеді және бұл айырмашылықтар мәселені шешуде және шешім қабылдауда маңызды рөл атқарады. М.Верзонскийдің сәйкестілік стильдерін Ж.Е.Марсиа сәйкестілік статустарына ұқсас деуге болады: ақпараттық стиль қол жеткізілген сәйкестілікке немесе мораторийге, нормативті стиль мерзімінен бұрын қалыптасқан және диффузды-қашу стилі диффузды статуска ұқсайды. Сәйкестілікті қалыптастыру стильдерін құрылымдық талдау диффузды-қашу стилін екі нақты құрылымға бөлуге болатынын көрсетті: диффузды - алаңсыз және қашу стильдері [14]. Біріншісі сәйкестіліктің қалыптасуы барысында сәйкестілік пен өмірлік мақсаттарға қатысты туындайтын қиындықтарға алаңдамауды білдіреді және эмоционалды тұрақтылықпен оң байланысады. Соңғысы конформизм мен мазасыздыққа толы және өмірде өзін жоғалту сезімін қамтиды, эмоционалды тұрақтылық пен өзін - өзі қабылдаумен теріс байланысады. Бұл нәтижелер диффузды күйдің екі түрін ажырататын (диффузды диффузия және алаңсыз диффузия) жоғарыда сипатталған зерттеуге сәйкес келеді.

А.С. Ваттерманның зерттеулерінде тұлғалық сәйкестілік үздіксіз, сызықты емес тұлғалық құрылым ретінде ұсынылады, оның қалыптасуы тұлғалық сәйкестіліктің құрылымдық элементтерінің құндылықты-еріктік ерекшелігімен анықталады. Тұлғалық сәйкестіліктің құрылымдық элементтерінің құндылықты-еріктік ерекшелігі адамның шешім қабылдау кезінде басшылыққа алатын әлеуметтік рөлдерді қабылдау, сенімдерді қалыптастыру, іс-әрекеттің әртүрлі салаларында мақсаттарды таңдау және жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген кәсіби, саяси, діни, моральды өзін-өзі анықтау арқылы ашылады. Дж. Марсианың тұлғалық сәйкестілікке қол жеткізу мәселесі бойынша көзқарастарымен келісе отырып, Ваттерман өзара байланысқан дәйекті таңдауларды аталған үрдістің негізі ретінде көрсетеді. А.С.Ваттерманның сәйкестілікті дамытудың статустық үлгісі тек іздену және қабылдау кезеңдерін ғана емес, сонымен қатар тұлғаның ерекшеліктері ретіндегі жеке экспрессивтілікті де қамтиды. Сәйкестіліктің статустық үлгісі жеті статустан (күйден) тұрады:

экспрессивті (белсенді іздеу және қабылдау) және экспрессивті емес (таңдамалы іздеу және қабылдау); экспрессивті мораторий (мақсаттар анықталады, шешім қабылданбайды) және экспрессивті емес мораторий (мақсаттар жартылай анықталады, шешім қабылданбайды); экспрессивті алдын ала анықталған сәйкестілік (шешім қабылданған және жеке мүмкіндіктер бағаланған) және экспрессивті емес алдын ала анықталған сәйкестілік (шешім қабылданған, жеке мүмкіндіктер бағаланбаған); диффузды сәйкестілік (сәйкестілікті іздеуге қажеттіліктің болмауы). А.С.Ватерманның сәйкестілікке қол жеткізу жеке мүмкіндіктерді ашу және ішкі әлеуетті түсіну арқылы ғана мүмкін болады деп есептейді. А.С.Ватерманның пікірінше, сәйкестілікке қол жеткізгеннен кейін адам мақсаттар, құндылықтар және өзгерген талаптар арасында пайда болған қайшылықтың нәтижесінде мораторий немесе диффузды сәйкестілік жағдайына өте алады, бұл жалпы алғанда, сәйкестілікті дамытудың сызықты емес үрдісін сипаттайды [15]. Ватерман уақыт өте келе сәйкестіліктің үлгілері мен ықтимал траекторияларын ұсына отырып, басынан-ақ J.E.Marcia үлгісіне тоқталған болатын. Ол индивидтер өзінің дамуын диффузияда бастап, кейіннен мерзімінен бұрын қалыптасқан немесе мораторийге өте алады, содан кейін жетістікке жетеді немесе бастапқы статустарға қайта оралуы мүмкін екенін айтады. Басқаша айтқанда, сәйкестілік міндеттемелерін қабылдау мораторийді талап етеді және адам кез-келген уақытта бастапқы статустарға қайту мүмкіндігіне ие. Кейінірек, оның статус парадигмасын жіктеуі тым жеңілдетілгені үшін сынға ұшырағаннан кейін, Ватерман міндеттемелер мен зерттеуден бөлек, сәйкестіліктің үшінші өлшемі ретінде сәйкестілік міндеттемелерінің тұлғалық экспрессивтілігін ұсынды. Ватерманның пікірінше, тұлғалық экспрессивтілік эвдемонияның субъективті тәжірибесіне, бақыттың ең жоғары күйіне жатады және ол қол жеткізілген сәйкестілік салдары болып табылады. Сәйкестілікке, тұлғалық экспрессивтілік сәйкестілікке қол жеткізу статусындағы ең жоғары деңгей және диффузия статусындағы ең төменгі деңгей болып табылады. Ватерман өзінің эвдемонистік сәйкестілік теориясында Аристотельдің эвдемония тұжырымдамасына сүйенеді, бұл адамның ең жақсы, ең қалаулы өмір сүруін білдіреді. Кейде бұл термин жәй ғана «бақыт» деп аударылады. Осы тұрғыдан алғанда, сәйкестілікті қалыптастыру үрдісінің басты мақсаты – адамның шынайы табиғи болмысын, әлеуеті мен өмірлік мақсаттарын ашып, әлеуеті мен мақсаттарын жүзеге асыру. Ватерманның пікірінше, сәйкестілік мәселелерін үш жолмен шешуге болады: міндеттеме белсенді зерттеуден кейін (қол жеткізу және мораторий статустарындағы сияқты), басқа адамдармен сәйкестендіру арқылы (мерзімінен бұрын қалыптасқан статусы) қабылдануы мүмкін немесе мүлде қабылданбауы мүмкін, нәтижесінде сәйкестілік сұрақтары жауапсыз қалады (диффузия статусындағы сияқты). Сәйкестіліктің қалыптасу үрдісін түсіну үшін, зерттеушілер ішкі мотивацияны жеке экспрессивтілікпен ажырамас байланыста қарастыруы керек. Өзін-өзі анықтау, белгілі бір дағдылардың болуы және осы даму үрдісіне жұмсалған күш эвдемонистік сәйкестілікке қол жеткізу предикторлары болып табылады. Сәйкестіліктің эвдемонистік міндеттемелері тұлға әлеуетінің дамуымен сипатталады, белсенділікке ынталандырады, оны мақсат пен мәнге бағыттайды және субъективті түрде тұлғалық экспрессивтілік ретінде қабылданады, алайда біршама күш-жігерді қажет етеді.

Қорытынды. Өртүрлі теориялық тұрғылар арасында байланыс орнату және теориялық интеграцияны қамтамасыз ету қажеттілігі біраз уақыттардан бері айтылып келді. Бірнеше әрекеттер де жасалды, мысалы сәйкестілікке адалдықты эвдемонистік перспективамен байланыстыру; міндеттемелерді қабылдау және қоғамның құнды мүшесі ретінде сезіну арқылы сәйкестілік капиталын дамыту ретінде анықталған сәйкестілік консолидациясы түсінігін ұсыну арқылы; немесе сәйкестілік стильдерін статустармен байланыстыру және қосымша өлшем алу үшін бес өлшемді үлгілерді құрылымдық талдау. Дегенмен, бұл әрекеттер бұрыннан бар теориялардың немесе әдістердің бөліктерін байланыстырғанымен, сәйкестіліктің «тұтастығын» қамтамасыз ете алмады. Ұсынылған үлгілердің әрқайсысы сәйкестілікті қалыптастырудың басқа аспектісіне назар аударады. Дегенмен, олардың арасында

ұқсастықтарды да табуға болады: Крочетти және оның әріптестерінің үлгісі де, Льюик және әріптестері ұсынған үлгі де зерттеудің тереңдетілген типіне ие болды, Берзонскийдің сәйкестілікті өңдеудің нормативті стилі Марсианың мерзімінен бұрын қалыптасқан статусына сәйкес келеді. Ғылыми әдебиеттерде қатар өмір сүретін көптеген үлгілер болғанымен, осы бар үлгілерді интеграциялау әрекеті жоқтың қасы. Қорыта келе, жоғарыда қарастырылған теориялар бір-біріне қайшы келмейді, керісінше бірін бірі толықтырады. Сондықтан, теориялық мәліметтерді қорытындылай келе, келесідей қорытындылар жасауға мүмкіндік туды:

1. Сәйкестілік бір жалпы құрылымға ие және мазмұндық, құрылымдық және уақыт компоненттерінен тұрады.
2. Тұлғалық сәйкестіліктің екі аспектісі бар: тұлғалық және әлеуметтік. Әлеуметтік категоризация үрдісінде қалыптасқан түсініктерді қолдану негізінде қалыптаса отырып, онтогенездік тұрғыдан, тұлғалық сәйкестілік әлеуметтік сәйкестілікке қатысты екінші ретте қарастырылады.
3. Мінез-құлық деңгейінде сәйкестілікті өмірлік маңызды мәселелерді шешу үрдісі ретінде қарастыруға болады және өзі және өз өміріне қатысты қабылданған әрбір шешім оның элементі ретінде сәйкестілік құрылымының қалыптасуына ықпал етеді.
4. Тұлғалық сәйкестілік шығу тегі бойынша әлеуметтік болып табылады, себебі ол индивидтің басқа адамдармен қарым-қатынасы және оның әлеуметтік өзара әрекеттесу үрдісінде қалыптасқан тілді меңгеруі нәтижесінде қалыптасады.
5. Тұлғалық сәйкестілік – әлемнің өзгермелі белсенділігіне қатысты субъектінің өз қасиеттері мен қатынастарының бірегейлігі мен қайталанбастығын сезінуі мен саналы түсінуінің үздіксіз үрдісі болып табылатын тұлғаның интегративті құрылымы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Colman A.M. Oxford Dictionary of Psychology. Oxford University Press – 2003. – p. 353
2. Reber, A. S. The Penguin Dictionary of Psychology (4th Edition) / London: Penguin Books -2009.
3. VandenBos, G. R. APA Dictionary of Psychology / Washington: American Psychological Association. – 2007.
4. Erikson E. H. Identity: Youth and crisis. - Norton, New York - 1968.
5. Schwartz S. J., Zamboanga B. L., Weisskirch R. S. & Rodriguez L. The relationships of personal and ethnic identity exploration to indices of adaptive and maladaptive psychosocial functioning. International Journal of Behavioral Development - 2009.- №33. - p.131–144
6. Лебедь Е.С. Память и формирование личностной идентичности в экзистенциальной философии Карла Ясперса // tempus et memoria. -2023. - Т. 4 - №1 <https://scinetwork.ru/articles/26383>
7. Nargish A. John Locke on Personal Identity: Memory, Consciousness and Concernment // Open Access Library Journal - December 2023. - 10: e10949. <https://doi.org/10.4236/oalib.1110949>
8. Marcia J.E. Development and validation of ego-identity status // Journal of Personality and Social Psychology - 1966. - 3(5). – p. 551–558. <https://doi.org/10.1037/h0023281>
9. Grotevant H. D. Toward a process model of identity formation // Journal of Adolescent Research - 1987. - №2. – p. 203–222 <https://doi.org/10.1177/074355488723003>
10. Meeus W. Studies on identity development in adolescence: An overview of research and some new data // Journal of Youth and Adolescence. – 1996.- №25(5). – p. 569–598. <https://www.sci-hub.ru/10.1007/bf01537355>
11. Luyckx K., Goossens L. & Soenens B. A developmental contextual perspective on identity construction in emerging adulthood: Change dynamics in commitment formation and commitment evaluation // Developmental Psychology. - 2006.- №42. – p. 366–380. <https://doi.org/10.1037/0012-1649.42.2.366>
12. Crocetti E., Rubini M., Luyckx K. & Meeus W. Identity formation in early and middle adolescents from various ethnic groups: From three dimensions to five statuses // Journal of Adolescence. - 2008. №37. - p. 983–996. <https://doi.org/10.1007/s10964-007-9222-2>
13. Berzonsky M. D. Identity style: conceptualization and measurement // Journal of Adolescent Research. - 1989. - №4.- p. 268–282. <https://doi.org/10.1177/074355488943002>

14. Sugimura K. & Mizokami S. Personal identity in Japan // *New Directions for Child and Adolescent Development*. - 2012. - №138. p.123–143 <https://doi.org/10.1111/cdep.12359>
15. Waterman A. S. Identity development from adolescence to adulthood: An extension of theory and a review of research // *Developmental Psychology*. -1982. – p. 342–358. <https://doi.org/10.1037/0012-1649.18.3.341>

References

1. Colman A.M. *Oxford Dictionary of Psychology*. Oxford University Press – 2003. – p. 353
2. Reber, A. S. *The Penguin Dictionary of Psychology (4th Edition)* / London: Penguin Books -2009.
3. VandenBos, G. R. *APA Dictionary of Psychology* / Washington: American Psychological Association. – 2007.
4. Erikson E. H. *Identity: Youth and crisis*. - Norton, New York - 1968.
5. Schwartz S. J., Zamboanga B. L., Weisskirch R. S. & Rodriguez L. The relationships of personal and ethnic identity exploration to indices of adaptive and maladaptive psychosocial functioning. *International Journal of Behavioral Development* - 2009.- №33. - p.131–144
6. Lebed` E.S. Pamyat` i formirovanie lichnostnoj identichnosti v e`kzistencial`noj filosofii Karla Yaspersa // *tempus et memoria*. -2023. - Т. 4 - №1 <https://scinetwork.ru/articles/26383>
7. Nargish A. John Locke on Personal Identity: Memory, Consciousness and Concernment // *Open Access Library Journal* - December 2023. - 10: e10949. <https://doi.org/10.4236/oalib.1110949>
8. Marcia J.E. Development and validation of ego-identity status // *Journal of Personality and Social Psychology* - 1966. - 3(5). – p. 551–558. <https://doi.org/10.1037/h0023281>
9. Grotevant H. D. Toward a process model of identity formation // *Journal of Adolescent Research* - 1987. - №2. – p. 203–222 <https://doi.org/10.1177/074355488723003>
10. Meeus W. Studies on identity development in adolescence: An overview of research and some new data // *Journal of Youth and Adolescence*. – 1996.- №25(5). – p. 569–598. <https://www.sci-hub.ru/10.1007/bf01537355>
11. Luyckx K., Goossens L. & Soenens B. A developmental contextual perspective on identity construction in emerging adulthood: Change dynamics in commitment formation and commitment evaluation // *Developmental Psychology*. - 2006.- №42. – p. 366–380. <https://doi.org/10.1037/0012-1649.42.2.366>
12. Crocetti E., Rubini M., Luyckx K. & Meeus W. Identity formation in early and middle adolescents from various ethnic groups: From three dimensions to five statuses // *Journal of Adolescence*. - 2008. №37. - p. 983–996. <https://doi.org/10.1007/s10964-007-9222-2>
13. Berzonsky M. D. Identity style: conceptualization and measurement // *Journal of Adolescent Research*. - 1989. - №4.- p. 268–282. <https://doi.org/10.1177/074355488943002>
14. Sugimura K. & Mizokami S. Personal identity in Japan // *New Directions for Child and Adolescent Development*. - 2012. - №138. p.123–143 <https://doi.org/10.1111/cdep.12359>
15. Waterman A. S. Identity development from adolescence to adulthood: An extension of theory and a review of research // *Developmental Psychology*. -1982. – p. 342–358. <https://doi.org/10.1037/0012-1649.18.3.341>

Авторлар туралы мәлімет:

Ордагулова Д.И. – Ордагулова Д.И. – хат-хабар авторы, PhD докторант, Тұран университеті, Алматы қ., Қазақстан. E-mail: diana.issayevna@gmail.com

Сарсенбаева Л.О. – психология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Тұран университеті, Алматы қ., Қазақстан. E-mail: Iyaziza_s@mail.ru

Гарбер А.И. – PhD, қауымдастырылған профессор, тең директор, Халықаралық біліктілікті арттыру және ғылыми ақпарат орталығы, Лейпциг қ., Германия. E-mail: alena_garber@gmx.de

Сведения об авторах:

Ордагулова Д.И. – автор для корреспонденции, PhD докторант, Университет Туран, г. Алматы, Казахстан. E-mail: diana.issayevna@gmail.com

Сарсенбаева Л.О. – кандидат психологических наук, ассоциированный профессор, Университет Туран, г. Алматы, Казахстан. E-mail: Iyaziza_s@mail.ru

Гарбер А.И. – PhD, ассоциированный профессор, содиректор, Международный центр повышения квалификации и научной информации, г. Лейпциг, Германия. E-mail: alena_garber@gmx.de

Information about the authors:

Ordagulova D.I. – corresponding author, PhD student, Turan University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: diana.issayevna@gmail.com